

«ҚР МШКҚӨ ҰО» РМК Ғылыми кеңесінің 2025 жылғы 18 наурыздағы шешімін орындау туралы» бұйрығына 1-қосымша
10 сәуір 2025 ж. № 24

БЕКІТЕМІН:

«ҚР МШКҚӨ ҰО» РМК

Бас директор

А.Қ.Нұрғалиев

2025 ж.



**«Қазақстан Республикасының минералдық шикізаты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы» РМК
Ғылыми кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1 тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы» РМК Ғылыми кеңесі (бұдан әрі - ҒК) «Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы» РМК-ның (бұдан әрі-Орталық) консультативтік – кеңесші органы болып табылады.

2. ҒК өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ заңын, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің «Ғылыми ұйымның консультативтік-кеңесші органы туралы үлгілік ережені бекіту туралы» 2024 жылғы 18 қыркүйектегі № 451 бұйрығын, Орталық Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

2 тарау. ҒК-тің негізгі міндеттері

2. ҒК-тің негізгі міндеттері:

- 1) Орталықтың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметінің мәселелерін қарау, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және нұсқаулықтар енгізу;
- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметі және Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (бұдан әрі-ЖҒТК)

айқындаған Қазақстан Республикасының ғылыми және (немесе) ғылыми – техникалық қызметінің басым бағыттарын жүзеге асыруға ықпал ету;

3) Орталық қызметінің стратегиялық және ағымдағы жоспарларын қарау;

4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысу үшін ғылыми ұйымдармен, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ), ғылыми қоғаммен өзара іс-қимылдар бойынша мәселелерді қарау;

5) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстарды зерделеу және әзірлеу;

6) ұйымның ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметін дамыту мәселелерін қарау;

7) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін танымал етуге және насихаттауға қатысу, оларды коммерцияландыруға ықпал ету;

8) халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға ықпал ету;

9) Орталықтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің жұмыстарын тиімді ету бойынша ұсыныстар әзірлеу.

3-тарау. ҒК функциялары

3. Өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін ҒК келесі функцияларды іске асырады:

1) ЖҒТК айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарын жүзеге асыру мақсатында, Орталық қызметінің негізгі бағыттары бойынша ұсынымдар талқылайды және әзірлейді;

2) ғылымды дамыту жөнінде, оның ішінде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, ғылым саласын дамыту тұжырымдамасын әзірлеу кезінде, ғылым дамуының басым бағыттары, ҒЗТКЖ дамуының басым бағыттары бойынша ұсыныстар мен нұсқаулықтар, ғылым саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді өзгерту және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

3) ҒЗТКЖ жоспарларын бекіту мен жүзеге асыруды және олардың нәтижелерін практикалық іске асыруды, ғылыми кадрлар даярлауды, ғылыми еңбектер басылымдарын шығаруды қарастырады және ұсынымдар әзірлейді;

4) ғылыми ұйымның ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық және өндірістік қызметінің нәтижелері бойынша есептерді бекіту жөнінде ұсынымдарды қарайды және әзірлейді;

5) Орталықты басқаруды жетілдіру, сондай-ақ ҒЗТКЖ-ға қаржы қаражатын тиімді пайдалану бойынша мәселелерді талқылайды және ұсынымдар шығарады;

6) ғылыми ұйымдармен және ЖЖОКБҰ-мен ынтымақтастық мәселелерін қарайды;

7) құрылымдық бөлімшелердің, олардың басшылары мен жекелеген ғылыми қызметкерлерінің ғылыми, ғылыми-техникалық және өндірістік қызметі туралы есептерді тыңдайды

8) Орталықтың халықаралық ынтымақтастық мәселелерін, шетелдік ұйымдармен бірлесіп жүргізілетін ғылыми зерттеулердің орындалу барысын талқылайды, қызметкерлердің шетелдік ғылыми іссапарлар бойынша есептерін тыңдайды;

9) ғылыми кадрларды даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға байланысты мәселелерді талқылайды, жүйелі түрде ғалымдардың ғылыми кадрларды даярлау жөніндегі жұмыстары туралы хабарламаларын тыңдайды;

10) ғылыми еңбектерді, ғылыми жаңалықтар мен өнертабыстарды мемлекеттік наградалар мен сыйлықтарға ұсынады;

11) ғылымның дамуына үлес қосқан, ұйымның ғылыми қызметкерлерін ғылыми және құрметті атақтар, наградалар алуға кандидатураларын ұсынады;

12) Ұлттық ғылыми кеңестердің құрамына ұсынылатын ғалымдардың кандидатураларын қарайды;

13) ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына тағайындалу мәселелері бойынша ұсынымдарды талқылайды және әзірлейді;

14) ғалымдардың, ғылыми қызметкерлердің (жекелеген авторлар мен ұжымдардың) ғылыми еңбектерін жариялауға ұсынады;

15) ғылыми ұйымның бөлімшелерін (зертханаларды, бөлімдерді) құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсынымдарды талқылайды және әзірлейді

16) тиісті салаларға ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін енгізу бойынша ұсынымдарды қарайды және әзірлейді

4-тарау. ҒК қызметін ұйымдастыру

5. ҒК төрағасы Ғылыми ұйымның басшысы, ал ол болмаған кезде басшының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары болады.

6. ҒК-тың дербес құрамы ғылыми ұйым басшысымен екі жыл мерзімге бекітіледі және мүшелер сана тақ болады. ҒК мүшелері ұйымның ғылыми қызметкерлері ұжымының жалпы жиналысында көпшілік дауыспен сайланады.

7. ҒК хатшысы ҒК отырысында ашық дауыспен сайланады, ҒК мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды.

8. ҒК хатшысы ҒК отырыстарын өткізуге қажетті материалдарды дайындауды жүзеге асырады, ҒК мүшелерін хабардар етеді және ҒК іс қағаздарын жүргізеді.

9. ҒК отырыстары жұмыс жоспарына және отырыстар кестесіне сәйкес, бірақ тоқсанына кемінде бір рет ғана өткізіледі.

10. ҒК отырыстары, егер оған оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады.

11. ҒК шешімдері ашық дауыспен, оның отырысына қатысып отырған ҒК мүшелерінің жалпы санының жай ғана көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

ҒК шешімі хаттамамен ресімделеді, оған отырыста төрағалық етуші және ҒК хатшысы қол қояды.

12. ҒК шешімдері ұсынымдық сипатта болады

«ҚР МШКҚӨ ҰО» РМК
Бас ғылыми хатшы



С.В. Ефремова